

*«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры  
Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «24» шілдедегі  
№40 хаттамасына №3 қосымша*

*«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры  
Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «24» шілдедегі  
№40 хаттамасымен  
БЕКІТІЛДІ*

## **«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы**

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттарын (бұдан әрі – Гранттар) құру арқылы жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Грант беру мыналарды қамтиды:

1) күндізгі оқудың барлық кезеңіне «бакалавр»<sup>1</sup> дәрежесін бере отырып, жоғары білімге өтеусіз ақы төлеу;

2) шәкіртақы төлеу – жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, білім алушыға 10 ай (жыл сайын) ішінде тамақтануға, тұруға және оқу әдебиеттерін сатып алуға арналған шығыстарды ішінара жабу үшін берілетін ай сайынғы ақша сомасы.

Бағдарламаны қаржыландыру екі көзден жүзеге асырылады:

1) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) ақшалай қаражаты есебінен;

2) Қордың нысаналы капиталынан (эндаументінен) түсетін кіріс есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламада пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көрсетілген мағыналарда қолданылады.

### **1. Жағдайды талдау, өзектілігі мен мақсаттары**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы отырысында сөйлеген сөзінде білім беру саласын қаржыландыру көлемі жеткіліксіз деп атады, нәтижесінде дамыған елдерден білім сапасы мен мектеп инфрақұрылымы бойынша айтарлықтай артта қалуға алып келуде. Президент қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты азайту міндеттеріне назар аударып, барлық балалар тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан сапалы білім алуға қол жеткізуі керек екенін атап өтті.

ЭЫДҰ-ның бағалауы бойынша (Білім беру саласындағы ұлттық саясатқа шолу) мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жүйесі талапкердің отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесін ескермей, оның академиялық үлгеріміне ғана бағдарланған.

Қазақстан әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен адамдар үшін жоғары оқу орындарына әділ қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін орындай отырып, 2021 жылы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан

---

<sup>1</sup> үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша дәрежелерді қоса алғанда

адамдар санатын жоғары оқу орындарына оқуға түсу кезінде қабылдау жөніндегі квоталар тізбесіне енгізді. Квоталардың үлесі мемлекеттік гранттардың жалпы санының 53,5%-ын құрайды. Алайда, осы квотаның ішінде ауыл жастары үшін қосымша өлшемшарттар бар – бұл ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары және ҚР Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары үшін квоталар. Бұдан басқа, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балаларға (5%); ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға (4%); бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер қатарындағы азаматтарға, бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға (1%); жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына (1%); осы мәртебесі кемінде үш жыл болған толық емес отбасылар қатарындағы балаларға (1%); бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балаларға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (1%) квоталар бар.

Дегенмен, ЮНЕСКО-ның аналитикалық есептеріне сәйкес, Қазақстанда бакалавр деңгейінде студенттердің шамамен үштен бірі мемлекеттік грант алады. Халықтың ең кедей топтары өкілдерінің халықтың бай топтары өкілдерінің 72%-ына қарағанда тек 15%-ы ғана жоғары білімді аяқтайды.

Білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік гранттар саны ұлғаяды, 2025 жылға қарай 75 мыңнан астам жас қазақстандықтар мемлекеттік қолдауға ие болады. Алайда, 2030 жылға қарай мектеп бітірушілер санының екі есе өсуі күтілуде.

Осылайша, жоғары білімнің қолжетімділігі мәселесі ұзақ мерзімді кезеңде де өзекті болып қала береді. Бағдарламаның өзектілігі Қордың цифрлық платформасына ел азаматтарының өтінімдері мен өтініштерін талдауды да көрсетеді. Жұмыстың алғашқы үш айында (2022 жылғы ақпан-сәуір) Қорға 1500-ден астам өтінім келіп түсті, онда аз қамтылған отбасылар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар, жетім балалар, мүгедек балалар еліміздің жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеуді сұрайды. Өтінімдер негізінде гранттарға үміткер азаматтар санаттарының тізбесі қалыптастырылды.

## **2. Бағдарлама қатысушылары**

Грант ізденушілер Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады:

- 1) ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан;
- 2) жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 3) мүгедектігі бар адамдар;
- 4) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан;
- 5) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;
- 6) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар;
- 7) Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).

Бағдарламаға қатысудың шекті жасы – 29 жасты қоса алғанда.

### 3. Бағдарламаны іске асыру тәртібі мен шарттары

1. Жоғары білімге ақы төлеу үшін 850 грант жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары білім беру ұйымдарының тізбесіне кірген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) күндізгі оқуға талапкерлерге жыл сайын беріледі.

ЖЖОКБҰ-ның ақылы бөлімшелерінде оқу жылы ішінде оқу үшін одан әрі ақы төлеу мүмкіндігін болдырмайтын қиын өмірлік жағдайларға тап болған студенттерге жоғары білім алуға 50-ден аспайтын мөлшерде ақы төлеуге арналған гранттар берілуі мүмкін. Студентке грант беру туралы шешімді студент растайтын құжаттардың толық пакетімен және ЖЖОКБҰ-дан өтінішхатпен Қордың электрондық порталына беретін өтінім негізінде жеке тәртіппен қабылдайды.

2. Әрбір ЖЖОКБҰ бойынша талапкерлер үшін гранттар саны бар бағдарламаға қатысатын ЖЖОКБҰ тізбесі Қор Басқармасының шешімімен жыл сайын 1 тамызға дейін бекітіледі.

3. Грант басқаға беру құқығынсыз атаулы болып табылады, бір рет беріледі, бұл ретте екінші жоғары білім алуға грант алуға жол берілмейді. Грант өз қалауы бойынша және үлгермеуі бойынша оқудан шығарылған жағдайларда, сондай-ақ студент оқудың екінші жылына қалдырылған және Грант иеленушінің Бағдарламаға қатысушыларға тиесілігін растайтын дәйексіз ақпарат және/немесе дәйексіз құжаттар ұсынылған жағдайда тоқтатылады.

4. Грант беру үшін үміткерлердің тізімі ағымдағы күнтізбелік жылда ҰБТ-ді<sup>2</sup> өткен және оның нәтижелері бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін қажетті өту балын жинаған (оның ішінде шығармашылық емтихандарды ескере отырып) талапкерлер қатарынан ЖЖОКБҰ-мен қалыптастырылады және мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ЖЖОКБҰ конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасы ретінде ресімделеді:

1) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын тағайындауға үміткерді растау сауалнама-өтінімі (№ 1 қосымша);

2) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын тағайындауға үміткердің келісім-хаты (№ 2 қосымша);

3) Үміткердің «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысушылардың санатына жататындығын растайтын құжаттар (№ 3 қосымша);

4) ЖЖОКБҰ конкурстық комиссиясын құру туралы бұйрықтың көшірмесі.

5. Грант берілетін талапкерлердің тізімін Қор Басқармасы бекітеді. Оқу жылына арналған гранттардың жалпы саны шегінде әрбір ЖЖОКБҰ бойынша бекітілген Гранттар санынан ауытқуға жол беріледі.

6. Грант студент басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысқан кезде сақталуы мүмкін. Шешімді Қор Басқармасы ЖЖОКБҰ-ның тиісті өтініші негізінде қабылдайды. Грант студенттің ЖЖОКБҰ-ның тиісті өтініші негізінде академиялық демалыс уақытында, сондай-ақ академиялық ұтқырлық бойынша басқа елде оқу кезінде, ЖЖОКБҰ-да оқу құны шегінде толық көлемде сақталады.

---

<sup>2</sup> ҰБТ бойынша талап техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, тектес бағыттар бойынша ақылы оқуға түсуші тұлғаларға қолданылмайды

7. 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары, 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде) жоғары білім алғанға дейін техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру грантын және Бағдарламада белгіленген мөлшерде шәкіртақы алуға құқылы.

Қажетті құжаттар тізбесі тиісті білім беру ұйымдарына беріледі. Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары Қорға талапкердің/студенттің құжаттарын және оқуға қабылдау туралы бұйрықты қоса бере отырып хат жолдайды.

8. Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімге ақы төлеу үшін Қор грантын беру туралы шешімді Қор Басқармасы қабылдайды.

9. 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына, 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалары кезінде жараланған балаларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен, Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының балаларына (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде) Грант алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында Қор Қордың нысаналы капиталының (эндаументінің) қаражаты есебінен жеке шоттар ашуды қамтамасыз етеді. Осы санаттағы әрбір азаматқа құжаттама жасалады.

10. Құжаттама Қордың ресми интернет-ресурсы <https://qazaqstanhalqyna.kz> арқылы <https://atamekenim.kz/kz> платформаға кәмелетке толған ата-аналар немесе балалар немесе қамқоршылар/ресми өкілдер келесі құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып берілетін өтінім негізінде қалыптастырылады:

1) өтініш берушінің/баланың жеке куәлігі;  
2) қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама;

3) қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжат: баланың туу туралы куәлігі, қажет болған жағдайда дербес деректердің өзгеруі туралы анықтама;

11. Грантқа 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 18 жасқа толмаған қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары құқылы.

#### **4. Бағдарлама бюджеті, география, мерзімдер және серіктестер**

1 білім алушыға арналған гранттың мөлшері ЖЖОКБҰ дайындық бағыты мен ерекшелігіне байланысты айқындалады және тиісті жылға арналған Бағдарлама бюджеті шегінде өзгеруі мүмкін, бірақ 1 млн теңгеден аспауы тиіс. Шәкіртақы мөлшері айына 40 мың теңгені құрайды.

Болжалды шығындар:

Оқу жылы	Оқу ақысы, мың теңге	Шәкіртақы, мың теңге
2022-2023	2 211 000 дейін	884 400 дейін
2023-2024	2 901 000	1 160 400 дейін
2024-2025	3 413 000	1 365 200 дейін
2025-2026	3 634 000	1 453 600 дейін

Бағдарлама Қазақстан Республикасының аумағында 2022-2023 оқу жылынан бастап іске асырылуда. Бағдарламаны іске асыру бойынша серіктестер:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ЖЖОКБҰ;
- техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары.

«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қорының  
білім беру гранттары»  
қайырымдылық бағдарламасына  
№ 1 қосымша

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын  
тағайындауға үміткерді растау сауалнама-өтініші**

\_\_\_\_\_  
(ЖЖОКБҰ атауы)

\_\_\_\_\_  
(ЖЖОКБҰ мекенжайы, байланыс деректері)

<b>Білім алушының ТАӘ</b>	
<b>ЖСН</b>	
<b>Облыс:</b>	
Аудан	
Қала	
Кент	
Ауыл	
<b>ҰБТ (балл)</b>	
<b>ЖЖОКБҰ белгілеген түсу үшін өту балы</b>	
<b>Таңдалған факультет:</b> Білім беру бағдарламалары тобы Білім беру бағдарламасы (ББ)	
<b>Оқу мерзімі:</b>	
<b>Ағымдағы оқу жылына арналған оқу сомасы</b>	
<b>Бағдарламаға қатысушы санаты*:</b>	

**Ректор**

**ТАӘ**

\_\_\_\_\_  
қолы

МО

Күні

«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қорының  
білім беру гранттары»  
қайырымдылық бағдарламасына  
№ 2 қосымша

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантын  
тағайындауға үміткердің келісім-хаты**

Мен, \_\_\_\_\_,  
(үміткердің Т.А.Ә.)

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Білім беру грантын тағайындауға үміткер бола отырып, мен ұсынған мәліметтер толық, ал растайтын құжаттар дұрыс екенін растаймын.

Мен грант беру шарттарымен және өлшемшарттарымен таныстым. Мен көрінеу жалған ақпарат пен құжаттарды ұсыну конкурстан шығаруға әкелетінін білемін.

Конкурс нәтижелерінің қорытындысы бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының сайтында және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына байланысты басқа да дереккөздерде өз дербес деректерімді (ТАӘ, ЖЖОКБҰ, мамандық, курс) жариялауға келісім беремін.

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_  
( қолы) (үміткердің Т.А.Ә.)

Күні: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Үміткердің «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру  
гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысушылардың санатына  
жататындығын растайтын құжаттар**

№	Үміткер	Құжат
1.	Барлығы үшін	<ul style="list-style-type: none"> <li>- талапкердің ҰБТ нәтижелерінің түпнұсқасы, одан кейін білім алушының транскрипті;</li> <li>- нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған үміткердің жеке куәлігінің көшірмесі.</li> </ul>
2.	Ауылдық жерлерден, шағын және моноқалалардан аз қамтылғандар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түпнұсқасы не нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған (көшірмесі дұрыс) АӘК алушының анықтамасы (egov.kz-тен), ағымдағы жылға өзекті немесе үміткердің тұрғылықты жері бойынша ауданның/қаланың/кенттің/ауылдың әкімдігінен/жұмыспен қамту орталығынан, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы (аз қамтылған отбасы), аудан/қала әкім орынбасарынан не кент/ауыл әкімінен төмен емес лауазымды адамның қолы қойылған анықтама.</li> <li>- нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі (ауыл мектебі, шағын не моноқала мектебі).</li> </ul>
	Жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	<ul style="list-style-type: none"> <li>Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған:</li> <li>- екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру туралы, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімі);</li> <li>- баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі.</li> </ul>



	Мүгедектігі бар тұлғалар	Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған үміткердің мүгедектігі туралы ағымдағы жылға өзекті анықтама (медициналық-әлеуметтік сараптама)
	Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан тұлғалар	Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған: - үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және отбасы мүшесі қатарындағы мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баламен туыстық байланысты (қандық) растайды); - ағымдағы жылға өзекті отбасындағы балалардың (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі
	- 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары; - 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар; - төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен Қазақстан Республикасының қайтыс болған азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде)	Дерекнаманың негізінде жасалатын Қордан анықтама

\*Қор қажет болған жағдайда ЖЖОКБҰ-дан не үміткерлерден тікелей қосымша құжаттарды сұратуға құқылы